

2 Әлемдік брендтің желісімен жаңа қонақүй



6 Жезтабан роботтың жеңісі



Сыр бойы

№44-45 (21119-21120) 28 наурыз, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЕРВАНД ИЛЬИНСКИЙ – «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ»



Кеше Ақордада әйгілі альпинист Ерванд Ильинскийге жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен әлем альпинизмінде аты аңызға айналған тұлғамен жүздескеніне қуанышты екенін жеткізді.

– Өзіңіздің зор қажыр-қайратыңыз бен аса жоғары кәсібилігіңіздің арқасында Қазақстан Республикасының көк Туы Жер шарының асу бермес асқарларында желбіреді. Әлемнің ең биік нүктелерін бағындырған тәжірибелі шыңға өрмелеуші, халықаралық турнирлердің жеңімпазы ретінде дүние жүзіне даңқыңыз жайылды. Эверестке шығып, беделді «Жеті шың» клубына мүше болған алғашқы қазақстандық атандыңыз. Сізді елімізде альпинизм мектебінің негізін қалаушы ретінде құрметтейді. Отандық мектеп Қазақстанның жаһандық брендіне айналды. Талап пен тәртіпті қатар қоятын талантты бапкерден бір шоғыр альпинист-спортшылар тәлім алды. Олардың қатарында әлем рекордын жаңартқан, чемпион атанған, халықаралық альпинизм қозғалысының элитасына кірген мықтылар баршылық. Бапкерлікпен шұғылданған уақыт ішінде жүзден астам спорт шеберін даярладыңыз. Шәкірттеріңіздің арасында халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, тіпті,

еңбек сіңірген спорт шеберлері де бар. Сіздің жетекшілігіңізбен Қазақстан құрамасы әлемде бірінші болып биіктігі 8 мың метрден асатын барлық 14 шыңға шықты. Мұның өзі бірегей жетістік саналады. Спортшыларымыз альпинизмнің сіз қалыптастырған даңқты дәстүрін жалғастырып, көптеген халықаралық сайыстан табысты оралып жүр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ерванд Тихоновичтің асыл қасиеттері мен адамдарға, әсіресе, альпинистерге деген шынайы қамқорлығын жоғары бағалады.

– «Адам өмірі ең жоғары спорттық жетістіктерден құнды» деген тенеуіңіз альпинистер арасында қанатты сөзге айналып жетті. «Альпинизм – адам мен табиғат арасындағы шахмат ойыны» деп дәл айтқаныңыз. К2 (Чогори) шыңын бетке алған команданың алай-түлей боранға тап болғаны мәлім.

2-бет



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері және экобелсенділердің қатысуымен «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Мөлдір бұлақ» атты ауқымды экологиялық акция өтті. Бұлақтар мен жағалау аумақтары тазартылып, оған 16 000-нан астам адам қатысты, 425 тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылды. Сонымен қатар, 140-тан астам арнайы техника жұмылдырылып, жұмыстың сапалы әрі жедел орындалуына мүмкіндік жасалды.

БҰЛАҚТАР – БАЛАМАЛЫ СУ КӨЗІ

Өңірдің барлық ауданында Сырдария өзенінің жағалауы, Арал ауданындағы «Ақеспеде», Жаңақорған ауданындағы «Қайнарбұлақта» табиғи су көздері тазартылып, маңы абаттандырылды.

Жалпы бұлақтар су ресурстары тапшы аймақтар үшін баламалы су көзі ретінде ерекше маңызға ие. Осындай игі бастамалар табиғатты қорғаудағы ортақ жауапкершілікті арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға сүбелі үлес қосады.

Айта кету керек, аймақта «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыс атқарылуда.

Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен демалыс орындары, балалар ойын және спорт алаңдары, қоғамдық кеңістіктер кезең-кезеңімен қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи талаптарға сай жөндеуден өткізілуде.

Кейінгі жылдары бюджет және демеушілік қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, тұрғындар игілігіне берілді. Сонымен қатар, жуырда Президент саябағы қайта салынып ашылды.

Ауылда қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру және тұрғындарды тазалық мәдениетіне ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы ұйымдастырылып келеді. Аталған жобаға кейінгі үш жылда 2 млрд 64 млн теңге бөлініп, үздік деп танылған елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару, сұрыптау, өңдеу және көлеге жаратуға «Жасыл даму» АҚ қаржыландыруымен 9 жоба қолға алынған.

Жаңақорған ауданында қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау кешені толық қаржыландырылып, қажетті құрал-жабдықтары жеткізілді. Қазір нысанды іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Қалған 8 жобаны «Өнеркәсіпті дамыту қоры» сараптамалан өткізіп, қаржыландыру үшін тиісті келісімшарттар жасалуда.

Бұдан бөлек, облыстық бюджет есебінен 475 млн теңгеге Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны салынып, іске қосылды.

«СБ» ақпарат



ИНЖИНИРИНГТІК ПАРКТИҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Өбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаевтың қатысуымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Инжинирингтік паркінің іргетасын қалау рәсімі өтті.



2-бет

АДАЛ ДОС, АСЫЛ АЗАМАТ

Өмір – адам баласына берілген қайталанбас ең қымбат сый. Ал, өмірдің мәні тіршілік етумен шектелмейді, еңбегіңді еліңе арнап, артыңда өшпес із қалдыра білуіңмен өлшенеді. Бұл үшін адамға ғасырлық ғұмыр емес, адами адалдық, берік болмыс, халқына қызмет етуді парызым деп санайтын парасат қажет. Осындай бағалауға лайық азаматтың бірі жауапты басшылық орындарда қызмет етіп, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне өзіндік қолтаңбасын қосқан Сыр перзенті Қамбарбек Амангелдіұлы Мұбаракөв болатын. Оның туған жерге беретіні, атқаратын ісі әлі көп еді, елу деген ер жасынан енді асқан шағында кеудесі ізет пен ізгілікке тұнған адал дос, асыл азамат бұл дүниеден бақилыққа көш түзеді.

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ, облыс әкімі

Қазақ «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» демей ме, бұл бекер сөз емес. Оның астары кең. Атамекен ауылдың май топырағын кешіп, қазақы қалың ортада өскен Қамбарбектің бекзат болмысы ауылда бекіді. Қарапайымдылық қасиеттің қазығы да ауылда қағылды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету іттипаты, досты бауырға тарту, адалдықтан аттамау секілді қазақы қағиданың

қалыптасуы да өскен ортасының өнегесі. Сол ауылдың алқасынан ол қалаға қамданып, оқуға ұмтылды, елге қызмет етуді армандады, бағыт-бағдарынан таймады. Содан қаншама белесті бағындырды, аймағымыздың дамуына өлшеусіз үлесін қосты.

Қамбарбек досымыз жасынан-ақ кез келген сынаққа дайын тұра алатын, жігерлі, мақсатшыл, тәуекелшіл болып жетілген жан. Бұл оның қалың

жұртқа үлгі тұтуға тұрарлық өнегелі отбасының тәрбиесінде өскендігінен де болса керек.

Қамбарбек еңбек жолын қарапайым қара жұмыстан бастап, әуелі «Өзгент» совхозының қырман-нында слесарь болғаны да көп нәрсені үйренді. Болашақ жолына түскен жастың бұл қадамы «Өмір үйретеді, еңбек ширатады» деген әке талабымен тығыз байланысты екені анық.

Жоғары оқу орнында білім алып, есеп-қисапқа жүйрік, экономика саласының білікті маманы атанды. Он жылға жуық салық органдарында жауапты қызметтерді атқарды. Облыстық департамент бастығының орынбасары, Жаңақорған, Шиелі аудандарында салық басқармасының басшысы болды.

Біз Қамбарбек Амангелдіұлымен елге бірге қызмет жасап, жақын дос болып, ерекше сыйластық.

3-бет

/// АУА РАЙЫ

АЛДАҒЫ КҮНДЕРГЕ БОЛЖАМ ЖАСАДЫ

Қазгидромет 28-30 наурыз аралығына ауа райы болжамын ұсынды. Бұл туралы Stan.kz хабарлады.

Синоптиктер Қазақстан аумағының басым бөлігінде жауын-шашынсыз, нағыз жылы көктем күндері болатынын айтып отыр.

«Тек батыс өңірлерде және оңтүстік облыстардың таулы аймақтарында кейбір күндері атмосфералық фронттардың өтуіне байланысты найзағай ойнап, жаңбыр

жаууы мүмкін. Республика бойынша желдің күшеюі болжанады. Оңтүстікте шаңды дауыл соғуы ықтимал. Түнгі және таңғы уақытта солтүстік, шығыс және орталық өңірлерде тұман түсуі күтіледі» делінген хабарламада.

Ал күндізгі ауа температурасы батыста +18, +27°C, солтүстікте +10, +17°C, орталықта +15, +25°C дейін, шығыста +12, +20°C, оңтүстікте +23, +30°C дейін жылынбақ. Оңтүстік-батыста температура сәл төмендеп, +13, +20°C шамасында болады.

Валюта бағамы \$ 481,83 kzt

€ 556,8 kzt

₸ 5,85 kzt

Ауа райы:

Сенбі ☀️ +24°

☾ +11°

Жексенбі ☀️ +25°

☾ +9°

ЕРВАНД ИЛЬИНСКИЙ – «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ»

Сол сәтте шынның ұшар басына қол созым жер қалғанына қарамастан, кері қайттыңыз. Мұндай шешім қабылдау оңай емес. Осыдан-ақ дана, мейібан жан екеніңізді аңғарамыз. Жетістік пен жеңіске ешқашан масаттанған емессіз. Бәріне белгілі, үйреншікті бағыттармен жүргенде де сақтықты ұмытпадыңыз. Кез келген жорыққа осылай тыңғылықты дайындалу даңқты альпинист, спортшы, тәлімгер ретінде сіздің «төлқұжатыңызға» айналды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде альпинизмді насихаттауда Ерванд Ильинскийдің орасан жұмыс атқарғанын атап өтті.

– Асқар шырдарға құштарлық, тауға шығу – әуестік қана емес, қоршаған ортаны қастерлеп, ластамауға үндейтін айрықша экологиялық өмір салты. Жаңа Конституцияда көрініс тапқан табиғатты аялау, экологиялық мәдениет және тазалық қағидаттары ұлттық болмысымызбен біте қайнасып кетуге тиіс. Тау табандылыққа, тәртіп пен жанашырлыққа үйретеді. Биікке көтерілген адам рухтанады. Дәл осы себепті альпинизм мен тау туризмін нағыз өмір мектебі деп атауға болады. Ол мықтыларды шыңдайды, өз ортаңда жауапты болуға баулиды. Бұл мәдени әрі психологиялық феноменді барынша қолдап, оны жастар тәрбиесінде пайдалануымыз керек. Үкіметтің, салалық министрліктің алдында альпинизмді спорт және заманауи тау туризмінің бір түрі ретінде жан-жақты дәртіптеу міндеті тұр. Мемлекет пен демешушілердің қаржысын тарта отырып, нақты іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу қажет. Мемлекет бұл өзекті міндетті шешуді қолға алады, оған тиісті назар аударылады, – деді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ерванд Тихоновичтің ғұмыр жолын жасампаз патриотизмнің, айрықша жанқиярлық пен аса жоғары кәсібиліктің жарқын үлгісі деп санайды.

– Жастар табанды әрі өнімді еңбек әрдайым лайықты бағасын алатынын көруге тиіс. Табыстың оңай келмейтінін түсінгені жөн. Еңбек – бәрін жеңбек. Мейлі, спортта, бизнесте, білімде, ғылымда, далалық жұмыста не зауытта болсын, өз ісіне шын берілген, көздеген мақсаты айқын адамдар өмірлік мұратына жетеді. Құрметті Ерванд Тихонович Ильинский сияқты азаматтар – қоғамның тірегі, ерлік пен еңбекқорлықтың, төзімділіктің жарқын үлгісі. Сондықтан мен сізге альпинизмдегі аса үздік жетістіктеріңіз, сондай-ақ ел спорттың дамуына қосқан елеулі үлесіңіз және белсенді қоғамдық қызметіңіз үшін жоғары ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылдадым. Бүгін осы награданы өзіңізге зор құрметпен тапсырамын. Ерванд Тихонович, сізге мықты денсаулық, бақберек, мол табыс тілеймін! Альпинистер арасында «Өзіңізді сақтанңыз!» деген сөз жиі айтылады. Сізге және жаныңызда жүріп, серік болған шәкірттеріңізге осы тілекті арнағым келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ерванд Ильинский атқарған қызметіне жоғары баға беріп, отандық альпинизмге айрықша көңіл бөлгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Мұны Қазақстан альпинистер қауымы жеткен жетістіктердің мемлекет деңгейінде танылуы деп түсінемін. Шын мәнінде, біздің табысымызды шетелдік альпинистер де мойындайды. Осыған куә болғанымға қуаныштымын, – деді ұлттық құраманың тәлімгері.

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДА ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке қабылдады. Бұл жолғы қабылдауға 20 адам жазылған, оның біреуі онлайн режимде қосылды.

Келушілердің басым бөлігі әлеуметтік бағытта қолдау сұрап, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, көше асфальттау, жұмысқа орналастыруға қатысты мәселелер көтерді.

Аймақ басшысы баспана заң аясында, кезектілік тәртібімен берілетінін баса айтты.

Халық сұранысы ескеріліп, өңірде көпқабатты тұрғын үй құрылысы қарқын алған. Тұрғындарды үймен уақытша қамту жұмыстары да жүйелі жүргізіледі. Бүгінгі қабылдауда төрт балалы жалғызбасты анаға осындай уақытша баспана ұсынылды.

Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылының ақсақалдары «Құмжарған» каналын қазу қолға алынғанына, жұмыстың жолға қойылғанына алғысын жеткізді. Канал егістік алқаптарын сумен қамтуға, ауыл шаруашылығын дамытуға оң ықпал етпек.

Қазалы ауданының тұрғыны өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға қатысты мәселе көтерді. Облыс әкімі еңбекпен қамту назардан тыс қалмайтынын, заң аясында қарастырылатынын жеткізді.

Негізі қабылдауда көтерілген мәселелер заң тәртібімен және кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Осы жолы да әрбір келушіні толғандырған түйткілге қатысты жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Айта кетейік, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына еgov порталы арқылы, e-otinish бірінші бағасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ӘЛЕМДІК БРЕНДТІҢ ЖЕЛІСІМЕН ЖАҢА ҚОНАҚҮЙ



ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ IBIS QYZYLORDA ҚОНАҚ ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КАПСУЛАСЫН САЛУ РӘСІМІ

Қызылордадағы Президент саябағы аумағында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының арнайы қатысуымен IBIS қонақүйінің іргетасын қалап, капсуласын салу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жана нысан құрылысының басталуымен құттықтады.

– Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен облыс бюджеті жылдан жылға ұлғаюда, даму бюджетінің көлемі 4,3 есе өсті. Өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, жаңа ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда.

2022-2024 жылдары облыс экономикасына 1 трлн 600 млрд теңгеге жуық, 2025 жылы 750 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. 2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 233 пайызға артты. Жеке инвестицияның үлесі 70 пайыз болды. Экономиканы әртарапандыру мақсатында алдағы үш жылда 1 трлн 900 млрд теңгеге жуық қаржыға 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10 308 жана жұмыс орны ашылады. Биыл 753 млрд 300 млн теңгеге баға-



Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев жаңадан ашылған «Құзыреттілік орталығының» жұмысымен танысты.

ИНЖИНИРИНГТІК ПАРКТИҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, басталған іске сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жасанды интеллекттің дамуы, бұл – ұран емес, бұл экономикалық идеологияның негізгі тірегі, тіпті ұлттық идеологиямыздың мызғымас тұғыры болуға тиіс» деп цифрландырудың басты міндеттерін орындауды тапсырды.

2023 жылы Қазақстандағы Корея Республикасы Бас Консулдығының ресми шақыртуымен облыстан арнайы делегация Оңтүстік Кореяға барған болатынбыз. Сапар барысында екіжақты кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастырылды. Сеул Тех университетімен білім, ғылым саласында тиімді байланыстар орнатылды.

Нәтижесінде сол жылы 6 қарашада Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп, жасанды интеллекттің экономиканың барлық саласына енгізуге білікті кадрлар дайындау үшін Қорқыт ата университетінде Қазақстандағы алғашқы Жасанды интеллект институты ашылды.

Бүгінде институтта 240 студент, оның 200-і бірлескен білім беру, 40-ы кодинломды бағдарлама бойынша оқиды. Болашақ мамандар аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше серпін береді деп сенеміз.

Қорқыт ата университетіне қырық жылдан астам уақыттан бері жана оқу ғимараты салынбаған. Инжинирингтік парк қаламыздың сәулетіне ерекше көрік беретін заманауи нысан болады. Алдағы уақытта да талантты, дарынды жастарымызды қолдауға, әсіресе ғылымды дамытуға бағытталған жұмысты жалғастырамыз, – деді аймақ басшысы.

Айта кету керек, 90 жылдық тарихы бар университетте ғылымды дамыту және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бағытында 580 профессор-оқытушы қызмет атқарады. Оқу орнында 155 мамандық бойынша 11 мыңнан астам студент білім алады, оның ішінде 5 375-і мемлекеттік грант, 5 690-ы ақылы негізде оқиды.

Соңғы бес жылда білім алушылар санының өсуі мен ғылыми жобаларды қаржыландырудың артуы есебінен университеттің табысы үш есе ұлғайған. 2020 жылдан бері материалдық-техникалық база, Ботаникалық бақ қайта жаңғыртылды. Студенттердің инновациялық идеялары мен стартап-жобаларын іске асыратын бизнес-инкубациялық орталық бар. 2020-2025 жылдары университет әлемдік рейтингтерге алғаш рет енді.

1-бет

ЖЫЛ ҚҰСЫНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ ҚУАНТАДЫ

Екі қабатты, сәулеті ерекше, 1000 орындық жана ғимарат қайтарылған активтер есебінен салынған. Мұнда студенттер халықаралық кәсіби шеберлік жарыстарына дайындалады. Орталық сарапшылық қауымдастықты дамыту, жұмысшы мамандықтардың танымалдығын, оған жастардың қызығушылығын арттырудың бірінші жаттығу базасына айналады.

Кәсіби дағды қалыптастыруға, педагогтердің, жас мамандардың озық технологиялармен жұмыс істеуіне, еңбек нарығында сұранысқа ие маман болып қалыптасуына жол ашады.

Жаңа әрі заманауи ғимарат республикалық, халықаралық деңгейдегі форумдар, конференциялар, семинарлар мен көрмелер өткізуге де бейімделген.

Ұлыстың ұлы күнінде Парламент депутаттары жақында ғана пайдалануға берілген сол жағалаудағы тұрғын үйлерге барды. Жаңа пәтер алған тұрғындардың қонысына құтты болсын айтты. Жылдар бойы кезекте тұрып, жаңа үйге қол жеткізген қызылордалықтардың қуанышында шек жоқ.

Мереке қарсаңында табысталған 10 тұрғын үйді «Интегрострой», «Орион ЛТД», «Техностанка-ремсервис», «Асар», «Авангард ПГС», «Аман құрылыс» және «Промстройсервис Е» серіктестіктері салған. Баспана кезегінде тұрған 400 отбасы өз Наурызды жана қоныста қарсы алды.

Сондай-ақ депутаттар жақында ашылған Президент саябағына барды.

Қала тұрғындары мен қонақтарының демалысын, бос уақытын тиімді өткізуі



үшін қайта салынған саябақ алыстан көз тартады. Мұнда заманауи суфұрқактар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналмалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған. Жалпы 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді.

Сонымен қатар бұл аумақта бірқатар ірі жобад қолға алынған. Атап айтқанда, 300 орындық заманауи балалар лагері, Ботаникалық білім беру орталығы, тоғыз қабатты 15 тұрғын үй, 20 тәсілдік жана перинаталдық орталық салынууда. Алдағы уақытта жана драма театр мен заманауи Президенттік кітапхананың құрылысы басталмақ.

«СБ» ақпарат



АДАЛ ДОС, АСЫЛ АЗАМАТ



2008-2013 жылдары мен Шиелі ауданының басшылығында болғанымда Қамбарбек аудан әкімінің экономика жөніндегі орынбасары болды. Сырдың маржаны саналатын Шиелі ауданының абыройы артып, берекесі бекемделе түсті десек, бұл жетістікке Қамбарбек Амангелдіұлының да қосқан үлесі мол.

Ол білікті қаржыгер болды, өз ісіндегі жауапкершілігін жете сезінді. «Көп бірлескен де көптен артық білмейсің» дегендей, оның бір ерекшелігі қолға алған ісінің барысын әрдайым тәжірибелі мамандардан сұрап, сараптап алатын. Бұл – басыға қажетті қасиет, қазақ атамыз да «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деп әр іске тиянақты дайындықпен кірісуді айтып кеткен.

Қамбарбек Амангелдіұлы Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының жанадан құрылғанынан бастап, он жылға жуық абыроймен басқарды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Шиелі ауданының әкімі, Ы.Жақаев атындағы Қазақ кү-

рші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы қызметтерін жоғары абыроймен атқарды.

Қарапайым тізімге сыйып тұрғанымен, осы жұмыстардың аясында қанша күш пен жігерді сүргідей жонатын қиындық пен жауапкершілік жатыр. Соның бәрін нықпен көтеру бір азаматқа аз жұқ емес.

Қамбарбек Амангелдіұлының Шиелі ауданына әкім болып тағайындалуы күллі дүниеге нәубет төндірген пандемия дүрбелеңінен тұтас келді. Осы кездері барша елмен бірге аудан халқы да әр сәті қауіп пен қатерге байланған күндерді бастан өткерді. Қиын-қыстау мезгілде халықты сабырға шақырып, тез және нәтижелі шешімдер қабылдай білу оңай болмады. Ел ерге, ер жерге қарайтынды қиын-қыстауда қисынын келтіріп, іс қыла алатын қабілетін танытты.

Аудан тұрғындарының сұранысына сәйкес теміржол үстінен көпір салынып, жұртшылықтың көптен бергі ұсынысы-тілегі орын-

далды. Осылайша халықтың күнделікті өмірін жақсартуға бағытталған игіліктер іске асты.

Әр күні қарбаласқа толы аудан басшысының мұндай жұмыстарын санап тауысудың өзі қиын. Жоғарғы басшылықтың талап-тілегі оны етігімен су кешкендей ел мүддесіне қайрап салды. Шын мәнінде Қамбарбек Амангелдіұлы ел басқару ісінің қандай жауапкершілік жүктейтінін жақсы түсіне білді.

Қамбарбек Амангелдіұлы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, экономика және қаржы басқармаларының басшысы қызметінде жүргенде де өзінің іскерлігін көрсетті.

Әсіресе, Республикадан облысқа қажетті қаржыны әкелу бағытында табандылық танытып, өзінің біліктілігін талай мәрте дәлелдеді. Қамбарбек бауырымыздың еңбекқорлығына ешкім шүбә келтіре алмайды. Ол кеудесіне кенеді жабысқан дертімен күресудің орнына өмірінің соңғы сәтіне дейін тап-жылмай тірлік кешті, ел аманатын аркалап өтті. Жауапты да

күрделі қай қызметте де өзінің кәсіби өрісін көрсетіп, аймақты дамытуға байланысты мол тәжірибесін сарқа жұмсады, жас кадрларды шыңдады. Бүгінде оның шекпенінен шыққан шынайы шәкірттері ұстаз жолына кір келтіруге күресіп келеді.

Ол өзінің адал еңбегінің лайықты сый-құрметін де көрді. «Үздік мемлекеттік қызметші», «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін», басқа да мерекелік медальдармен марапатталды. Жаңа-қорған және Шиелі аудандарының құрметті азаматы атанды.

Әрине, ең үлкен атағы оның ел ішіндегі абыройы, артында қалдырған игі істері болды.

Сыйластық пен достыққа берік, көңілі мен пейілі кең, жоғары жүректі Қамбарбек бауырымыздың құтты шаһырағы әрдайым қонақтардан үзілмейтін.

Әулеттің берекесі болған аяулы анамыз Фатима апай, төрт перзентті дүниеге әкелген өмірлік жары Айнуір да қара шаңырақтың өнегелі отанасы. Өкенің асқақ абыройы ұлағатты ұрпағыммен жалғасын тапқаны әрқашан көңілімізге медет болуа.

Дана бабаларымыз «Ойыңның ақтығы – арыннан, сөзіңнің ақтығы – жаныңнан, ісіңнің ақтығы – ақылдан» деген. Қамбарбек Амангелдіұлының туа бітті сабырлы мінезі, қабілет-қарымы, іскерлік әрекеті, ұйымдастырушылық қасиеті оның адал қасиетін асқақтатуға жетерлік баға.

Асыл досымыздың арамыздан ерте кеткені жанымызға қатты батады, өзімен бірге өткізген қайталанбас қызықты күндерді сағынышпен еске аламыз.

Бүгін міне, қимас досымыздың бақилық болғанына да бір жыл уақыт өте шығыпты. Бірақ, уақыттың бұл асыл есімді ел жадынан өшіре алмайтыны анық.

Ұлы Абайдың «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» деген мағыналы сөзі бар. Біз досымызды ешқашан ұмытпаймыз, жарқын бейнесі жадымызда ұзақ сақталады.

Жаның жәннатта болсын, адал дос, асыл азамат!

ЖАНЫ ТАЗА ЖАН ЕДІ

Қай кезеңде де ел ертеңі үшін аянбай қызмет жасаған тұлғаларды ел болып еске алу – өткеннің өнегесін өшірмеудің жарқын белгісі екені айқын. Осындай асыл азаматтарымыздың қатарында есімі мен еңбегі ерекше аталатын досымыз Қамбарбек Амангелдіұлы Мұбарак-овтің фибратты ғұмыры туралы естелік айту ауыр болғанымен ол туралы жылы сөзімізді жеткізу өткенімізді бүгінге, бүгінгімізді ертеңге жалғастыратар тарихи сабақтастық үшін қажет екені де белгілі. Өкінішке қарай, енді досымыздың осы жақсы қасиеттерінің бәрін өткен шақта ғана айтып, еске алатынымыз жанымызды кинайды.

Лүптілдеген тамырындай шекенің, Жеке сағат, жеке тәулік, жеке күн Үлгермейміз түсініп те, байқап та, Кейбір сәттің нағыз бақыт екенін... – деп қазақтың ұлы ақыны Қадыр Мырзалы толғағандай адам баласының ғұмыры сан үміттен тұратыны да өмір шындығы.

Өзім Қамбарбек Амангелдіұлының сыртынан тани бастаған 2000-шы жылдардың бас кезінде ол облыстық салық департаменті бастығының орынбасары қызметін атқарып жүрген еді. Сол себепті де болар, облыс әкімдігінде, облыстық мәслихатта өтетін алкалы жиындарда облыс бюджетінің кірістерін қалыптастыру бағытында көтеріліп сан сұрақтарға жас та болса білгені маман ретінде Қамбарбек Мұбаракөв жиі жауап беріп жататынын көріп жүретінбіз. Сол сәттер оның қасиеті маман ретінде енді ғана танылып келе жатқан шақтары екен.

Өзім кейін қызмет бабымен Шиелі ауданы әкімінің орынбасары лауазымына ауысқан 2008 жылдан бастап Қамбарбек Амангелдіұлымен жақынырақ таныса бастадым. Сол уақытта Шиелі аудандық салық басқармасының бастығы қызметін атқарып жүрген жігерлі жас басшымен тілдескен сайын оның қоғамшыл тұлға, байсалды азамат екенін байыптай түстім. 2009 жылы Қамбарбек досымыздың еңбек жолы Шиелі ауданы әкімінің орынбасары қызметінде жалғаса бастады. Аталған лауазымда аудан бюджеті қаражатының тиімді жұмсалынуы бақылау, өңірлік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету бағытында маңызды бастамаларды іске асырды. Сол кезеңде Шиелі ауданының әкімі қызметін атқарған Нұрлыбек Машбекұлының орынбасарлары ретінде біз Қамбарбек Амангелдіұлымен, кент әкімі болған марқұм Марсбек Молдабаевпен қосымша барысында жиі кездесетін болдық. Осылайша біздің өзара таныстығымыз жолдасстыққа, жолдас-тығымыз кейін достыққа ұласты.

Бүгінде Президентіміздің сенімін лайықты ақтап жүрген, халықшыл бастамаларымен елдің ықыласына бөленген Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Шиелі ауданының әкімі қызметін атқарған 2008-2013 жылдары Шиелінің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артып, ауданның абырой-даңқы асқақтады. Аудан бюджетінің өз кірістері еселеп артып, инфра-құрылымдық жобалар сәтті жүзеге асты. Сондай-ақ аудан әкімінің бастамашылығымен Елорда төрінде Нартай Бекежан-овтың шығармашылығын насихаттауға арналған республикалық деңгейдегі шаралар ұйымдастырылды, ауданның 80 жылдық мерейтойы республикалық ауқымда өткізілді. Киелі Шиелі кезеңі біз үшін үлкен өмір мектебі болды десек артық айтқандық болмас. Бұрын облыстық атқарушы органдарда қатар қызмет атқарған Қамбарбек

Амангелдіұлы мен біздер үшін елмен етене араласып, жұртшылықпен жақын болудың өмірлік тәжірибесін менгеру де осы өңірдің өнегесімен беки түсті десек қателеспегеніміз.

Әрине ардақты досымыз Қамбарбек жөнінде ойға алар естелік те, айтылар жақсы пікір де жеткілікті. Достыққа адал, адами қасиетті бойға жинап, жан-жағына шуақ шашып жүретін, жан баласына жамандық ойламайтын, ешбір адамға қылдай қиянат жок, көпшіл жан-ның бірі де әрі бірегейі еді. Үлгілі отбасын құрып, төрт перзенттің ата-анасы атанған Қамбарбек пен аяулы жары Айнуір біз білгенде өмірде тек ерлі-зайыпты жандар ғана емес, сезімдерін өзара сенім мен достыққа құрған, бір-бірінің жақсылығын асырған азаматтар. Олардың жарасымды, тату тірліктеріне, дастарқаншыл қасиеттеріне талай куә болдық. Қамбарбек достарын үйіне жиі шақыратын. Айнуірдің дастарқаны жиылмайтын. Құдайға шүкір, жұбайы мен ұлдарының арқасында сол жақсы дәстүр үзілмей келеді. Жұбайы Айнуір перзентханада кіші ұлдары Қуанышты босанған сәтте уақыттың түн жарымынан ауганына қарамастан Қамбарбек досымыз ең алғашқылардың қатарында Марсбек Рүстемұлы екеуімізге телефон шалып, сүйінші жаңалығын бізбен бөліскенін қалай ұмытпадың?! Мемлекеттік қызметтің әр тармағы мен әрбір баспалдағы азамат үшін тәжірибе мен тағылым жолы десек, 2015 жылы маған Жаңақорған ауданының әкімі қызметін атқару міндеті жүктелді. Өзім үшін бұрын қызмет бабымен барып келіп жүрген аудан ретінде білесем, енді осы ауданды басқару, дамыту, халықпен тығыз байланыс орнату және мәселелерді шешу сынды кезек күттірмес маңызды жұмыстарға кірісу міндеті тапсырылды. Міне, осындай жауапты кезеңде он-сонымды танып, жана жердегі қызметке тез төселуіме жаңақорғандық Қамбарбек досым жөн сілтеп, бағыт-бағдар көрсете білді. Тағдыр менің жолымды кейін Жаңақорған ауданына екінші мәрте әкім қызметіне бұрған сәтте Қамбарбек Амангелдіұлы Шиелі ауданының әкімі еді. Біздер көрші аудандардың әкімдері әрі жақын достар ретінде жұмыс барысында ортақ мәселелер бойынша жиі пікір бөлісетінбіз. Бір өкініштісі, әлемді бір тарының қауызына сыйдырғандай болған пандемия кезінде жүзбе-жүз жиі араласуға мүмкіндігіміз тапшы болды.

Уақыт адамды жүйріктігімен мойындаатады екен. Биыл Сыр елінің ауылы да ардақты азаматы Қамбарбек Амангелдіұлы Мұбаракөв бауырымыздан көз жазып қалғанымызға жыл толып отыр. Халықта: «Кімнің қанша жасағаны емес, қалай өмір сүргенін айт» демейді ме?! Қай жерде, қандай қызметте жүрсе де, өзіне тән парасатты болмысы, көркем мінезі, саликалы ой-пікірімен танылған, туған елдің мәртебесі мен мерейі үшін қарымды қызмет жасаудың тәлімін танытқан Қамбарбек Амангелдіұлының ұлағатты өмір жолы осы сұрқакқа жауаптың көрінісі іспетті дер едім.

Қамбарбек досымыз сырқаты меней бастағанда жанын шүбәрекке түйе жүріп, дертіне дауа іздеді. Өмір мен өлті арасында арпалысты. Өмір алты алып мұхитта желкенін жықпай, жағалауға жеткенше жанталасты, бірақ толқыны қатты қатал тағдыр өз дегенін жасады.

Жаның жұмақтан жайланғай, қимас досым Қамбарбек Амангелдіұлы!

Руслан РҮСТЕМОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

Өмір өтсе де жақсы адамның аты жадында мәңгілік жаңғырып тұрады. Керуен көші жылжыған сайын оның тұлғасы қалыптасып, бейнесі бекемделе түседі. «Тау алыстаған сайын біктейтүседі» деген даналық қағида – осының айғағы.

ЕСІМІ ЕЛ ЖАДЫНДА

Бүгін біз сөз еткелі отырған Қамбарбек Мұбаракөв бүкіл ғұмырын халық мүддесімен ұштас-тыра білген абзал азамат, іскер басшы ретінде ел есінде ұзақ сақ-талары сөзсіз. Ол адами қасиетті өмірінің темірқазығындай берік ұстанып, еліне адал қызмет етті. Қамбарбек Амангелдіұлының есімі Сыр өңірінің тарихында тал-лашпыл аудан әкімі, білікті қар-жыгер-экономист ретінде жақсы таныс. Ол Шиелі ауданын бас-қарған 2020-2021 жылдары бүкіл жаһанды пандемия жайлап, жергілікті жұртты да әбігерге салған еді. Қауіпті індет дендеген шақта халықты сабырға шақырып, жедел шешім қабылдай білу аудан басшысы ретінде Қамбар-бек Амангелдіұлының ұтымды ұйымдастыру және тығырықтан жол табу сияқты қасиеттерін ай-шықтай түсті. Денсаулық сақтау саласындағы күрмеуі қиын мәсе-лелерді дер кезінде шешіп, ақ ха-латтылармен бірге алдыңғы шепте жүрді.

Ол сондай-ақ салық саласында абыройлы қызмет атқарып, аймақ бюджетінің кірісін толықтыруға зор үлес қосты. Облыстық салық комитетінде, атауы кейін мемле-кеттік кірістер департаменті бо-лып өзгерген құрылымда ұзақ жыл қызмет атқарып, мекеменің қалыптасуына, білікті мамандармен қамтамасыз етілуіне тікелей үлес қосып, жас мамандарды тәрбие-

леп, кәсіби біліктілікке үйреткен ұстаз ретінде танылды. Одан кейін әр жылдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жетекшілік тізгінін ұстады. Ал 2023 жылдың мамыр айынан бастап өмірінің соңына дейін об-лыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы болды. Осы қызметте аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тап-сырмасына сәйкес облыстағы көптеген маңызды нысан мен ин-женерлік-инфрақұрылымдық жүй-ейнің жоба-сметалық құжатын әзірлеп, тиісті министрліктен өткі-зу үшін күн демей, түн демей жұ-мыс істеді. Халық бүгінде сол ны-сандардың игілігін көріп отыр.

Ел сыйлаған азаматтың өмірден өткеніне бүгінде жылға жуықтады. Қамбарбек Амангелдіұлы қандай лауазымда еңбек етсе де бюд-жеттің кіріс бөлімінің нығаюы-на, салық қоржынының қоматқы болуына бар күш-жігерін жұмса-п, облыстың әлеуметтік-экономика-лық деңгейінің алға басуына ат-салысты. Оның жүріп өткен жолы, атқарған еңбегі кейінгі жас буына үздік үлгі деп айтар едім.

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

ӨҢІР БОЛАШАҒЫНА ӨНІМДІ ЕҢБЕК ЕТКЕН

Мен Қамбарбек Амангелдіұлы 20 жылдан бері білетінім. Мемлекеттік қызметте жүріп, ол аймақ экономикасының артуына көп еңбек етті. Қаржы саласының барлық баспалдағынан өткен әріптес інінің әлі де Сыр елінің өркендеуіне берері мол болатын.

Өкініштісі, Қамбарбек Мұбаракөв бауырымыздың арамыздан кеткеніне жыл толды. Сонау 90-жылдардың аяғынан бері салық ісінде маман болып қызмет бастаған оның кейінгі жылдардағы еңбек жолы ел есінде. Облыс экономикасына тікелей әсері бар құрылымдарға жетекшілік етіп (салық ісі, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, экономика және қаржы басқармасы, т.б.), бюджеттің артуына мол үлес қосты. Мен Қазалы ауданының басшысы болған-нымда ол осы ауданмен халық шамалас Шиеліні басқарып, өңір болашағына өнімді еңбек еткеніне куә болдық. Аудандағы ауыл шаруашылығы мен өндірісті қатар дамытып, Шиелідегі көп жобаға іскерлік көрсеткені де білемін. Әсіресе, орталықты абаттандыру жұмысында оның басшылығымен көп өзгеріс болды. Шиелі кентінің адам танымастай өзгергені бар. Екіншіден, қазіргі Шиелі халқы рақатын көріп жүрген теміржол аспалы көпірін салу осы азаматтың кезінде қолға алынған еді.

Ол қандай лауазымда жүрсе де халық арасында тым киіпшіл болғанын осындағы жұрт әлі айтып жүр. Әсіресе, оның қарамағында қызмет етіп, мемлекеттік қызметтің ыстық-суығында болған әріптестері оның алдымен жауапкершілік дейтін мүддені алдыға қоятынын жиі айтады. Өз басым да оның облыс не ауданның бюджеттік есебіне жүйрік екенін көріп, мойындап та үлгердім. Тіпті қаржылық кеңес алып, кіріс пен шығыс есебінде жасы кіші болса да көп қолдау көрсетіп келді.

Бір сөзбен айтқанда, ол мемлекет саясатын жүзеге асыру, Президент жүктеген тапсырмаларды орындау мен жергілікті бюджет қаражатының тиімді жұмсалынуына бар күш-жігерін аямаған азамат десек, қателеспеспін. Еңбек елеусіз қалмады, мемлекеттік марапаттан көрініп, лайықтының бірі болды.

«Аңдықсан жау алмай қоймас» дейтін бұрынғылар. Өріптесіміз төтеннен келген дерттен арамыздан ерте кетті. 50 жылдан астам тіршілік ғұмырында өз жолын абыроймен өткерген, қызмет пен отбасы ісінде беделді басшы, үлгілі әке болған Қамбарбек Амангелдіұлының бейнесі Сыр халқы үшін ұмытылмақ емес. Ардақты азаматтың жарқын істері әлі де ұрпақ санасында жаңғыра беретіні сөзсіз.

Мұрат ЕРГЕШБАЕВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты



АЛАСАРМАС АБЗАЛ БЕЙНЕ

Сыр өңіріне белгілі қаржы саласының білікті маманы, Шиелі және Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қамбарбек Мұбараковты іскер басшы ретінде бұрын да білетінмін. Уақыт өте келе жақын араласып, бір-бірімізге сыйлас, қимас адамдар болып кеттік.

Ол алғашқы қадамынан-ақ қарым-қабілетін танытты. Істің бабын тауып, ұйымдастыра, ұжымды ұйыстыра отырып, жұмыстың нәтижесін көрсетті. Мол тәжірибесінің арқасында басшылық қызметтерді жемісті атқарып, еліне мінсіз қызмет етудің өнегелі жолын көрсетті. Көңілі шуақ, жаны жайсаң азамат туралы білерім аз емес.

Қамбарбек Амангелдіұлы ғұмырының басым бөлігін қаржы-экономика, салық, ауыл шаруашылығы салаларының дамуына арнады. Білікті басшыны қандай салаға жіберсе де дайын еді. Талай жауапты істі абыройлы атқарып, айналасына сыйлы бола білді. Көптеген істің иірін тауып, қасындағы серіктестерімен кеңесе отырып, табысты әрі жемісті еңбек етті. Бұл жағынан келгенде, Қамбарбек Мұбаракөв өз қызметінде парасаттылық көрсетіп, азаматтық жолды берік ұстанды. Мінезге бай азамат кісінің сөзін бөлмейтін, ізеттілік жолынан жаңылмайтын. Аға буынмен жиі кездесіп, пікір алмасып, ой өрбітіп, сырласушы еді. Жүзі жылы жан ылғи күлімісіреп, адамның өмірге деген құлшынысын арттыруға ықпал ететін.

Қамбарбектің өзгеден ерек, тумысы бөлек сырбаз жан екені замандастарына да аян. Қарапайымдылық қасиетін жоғары бағалайтын.

Ол мықты маман ғана емес, отбасының тірегі, ақылшысы ретінде де ағайын-туыс, дос-жаранға құрметті болатын. Кемел ойлап, кең пішетін кісілік келбет, жақсылық жасаудан, ізгілік көрсетуден аянбайтын, ақыл-парасаты мол, халық мүддесі жолында адал еңбек етіп жүрген мәрт ініммен танысып-біліскеніме ризамын.

Кімге болсын өскен өлкеде, туған жерде елге қызмет етіп, сый-құрметіне бөлену – шексіз бақыт. Қамбарбек Амангелдіұлы сол бақытты сезінген азаматтың бірі.

Жақсы інінің жанымыздан ерте кеткені өкінішті. Жарасымды тіршілік етіп, дараланып, артына өшпес із қалдырды. Бүгінде бізге оның өнегелі өмір жолын еске алу жазыпты...

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

ІНІНІҢ ІЗГІЛІК ІЗІ

Жақсы адамның артында жақсы сөз қалады. Қамбарбек өнегелі отбасының тәрбиесін көріп өсті. Әкесі марқұм Амангелді Абдуллаев жастайынан қызметке араласып, өз ұрпағын жауапкершілікке, тиянақтылыққа, еңбексүйгіштікке шыңдай білді. Олардың арасынан білім-білігі, адами қасиетімен көпке сыйлы бола білген Қамбарбек өрешеленіп тұратын. Сондықтан бауырымыздың қазасы барлығымызға оңай тиген жоқ.

Біліктілігі мен білімі ұштасқан абыройлы азамат мемлекеттік қызметте жауапты қасиетімен көзге түсті. Салық, қаржы-экономика саласының барлық мектебінен өтті. Қай істі де жан-тәнімен атқарып, әрбір жұмыстың тыңғылықты жүзеге асуына жанапшыр бола білді.

Алғашқы еңбек жолын «Өзгент» совхозында қарапайым слесарь болып бастаған ол кейіннен Қызылорда агро-өнеркәсіп өндірісі инженерлері институтын АӨК экономист-менеджер, Қазақ гуманитарлық заң университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбектің ыстық-суығын жақсы білетін азамат екеден алған тәрбие мен өмірлік ұстанымын ұштастыра жүріп, қызмет жолында біршама жетістікке жетті.

Ол Жаңақорған, Шиелі аудандары, облыстық салық, қаржы-экономика салаларының дамуына айтарлықтай еңбек сіңірді. Атап айтқанда, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, аудан әкімі, облыстық тексеру комиссиясының төрағасы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, экономика және қаржы басқармаларының басшысы қызметін атқарған жылдары өңірдің өркендеуі жолында үлкен еңбек сіңірді.

Қандай қызметте болмасын, оның жауапкершілігі мен міндетін жан-тәнімен сезініп, күш-жігерін аянбай жұмсаған ардақты азаматтың жүрген жолында жақсы аты, абыройлы ісі, адамгершілік болмысы қалды.

Қамбарбек қызметті абыройлы атқарумен бірге үлгілі отбасының тірегі, ақылшысы ретінде танылды. Ағайын-туыс, дос-жаранға сыйлы бола білген ол жан жары Айнұр екеуі екі үл, екі қыз тәрбиеледі.

Ізеттілік ізімен ол маған «Кіші Қамбардан жалынды сәлем» деп әркез қоңырау шалып, кейбір сәтте қызмет барысына қатысты ақыл-кеңес алып тұратын. Осындай жайсаң азаматтың бір жылдан бері арамызда жоқ екені жанымызға батады.

Өзінің биязы мінезімен үлкенге іні, кішіге аға бола білген азаматтың жарқын бейнесі ұмытылмақ емес.

Қамбар ӘЖІБЕКОВ,
қаржы саласының ардагері

ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ТӨРАҒАСЫ

Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан әріптесіміз Қамбарбек Амангелдіұлының мезгілсіз өмірден өткеніне де бір жыл толыпты. Әріптесіміз қай ортада болса да, білім-біліктілігі, қажыр-қайратымен ерекшеленетін.

Қамбарбек Амангелдіұлы Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының алғашқы төрағасы болды. Адамгершілігі мол, парасаты биік, өнегелі жан еді. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласының дамуына зор үлесін қосты. Ол басшы болған жылдары 20 қызметкер мемлекеттік аудитор, 4 қызметкер жоғарғы мемлекеттік аудитор сертификаттарын иеленсе, ұжым өңірлік тексеру комиссиялары арасында алғашқы бестіктен орын алды.

Басшының басты қасиеттерінің бірі адамның қабілетін тану болса, Қамекең – осы қасиеті арқасында өмірлік жолын абыроймен өткізген, оң істердің жемісін қалдырған ардақты азамат.

Құдай қосқан қосағы Айнұр келінімізбен 30 жылдан астам уақыт бойы сыйластықпен бақытты өмір кешті. Айкең де – барыныша бауырмал, көпшіл, қазаны оттан түспейтін, шаңырағынан қонақ арылмайтын, жомарт жүректі жан.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы лауазымын мінсіз атқарғаны үшін 2011-2018 жылдары Қамбарбек Амангелдіұлы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Үздік мемлекеттік қызметші», «I, II дәрежелі Қаржы сақшысы» төсбелгілерімен, Шиелі, Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы атағымен, республика және облыс басшылығы тарапынан Алғыс хаттармен марапатталған. Оның жарқын бейнесі Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы ұжымының жадында мәңгі қалады. Өскелең ұрпағына ұзақ ғұмыр нәсіп етіп, асыл азаматтың иманы саламат болсын!

Мұса ҚАЛДАРБЕКОВ,
Қызылорда облысы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы



ЖАҚСЫ ІСІМЕН ЖАДЫМЫЗДА ҚАЛДЫ

«Өмір – бір көшкен көруен» дейді халқымыз. Шынында, өмір сағаты тоқтаған жандар кез келген жерде көруеннен түсіп қала береді, ал оның жақсы істерін өзінен кейінгілер жалғастырады. Бұл – тіршіліктің бұлжымайтын заңдылығы.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында адал қызметімен, адами қасиетімен артында жақсы із қалдырып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосқан Қамбарбек Мұбаракөвтің есімі аймақ тұрғындарына етене таныс.

Ол еңбек жолын Жаңақорған ауданы «Өзгент» совхозында қарапайым слесарь болып бастап, экономист-менеджер мамандығы бойынша жоғары білім алды. Қызылорда облысы бойынша салық басқармасының жанама салықтар бөлімінен жұмысын бастады, бөлім басшысы, төраға орынбасары қызметін абыроймен атқарды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізде қаржы-салық саласы қалай қалыптасқанын жалпы халық біле қоймас. Дегенмен осы салада қызмет еткендердің есінде, алғашқы ұйымдастыру жұмыстары, мамандар даярлау, құжаттар айналымы оңай болмады. Қазіргідей электронды есептілік болған жоқ, әрбір салық көрсеткіштері қағаз бетінде қатталатын.

Қамбарбек Мұбаракөв жақсы екеден тәлім алған, кеңпейіл, көпшіл адам еді. Өз ісін жан-жақты білетін, нарық талабын терең меңгерген, тәжірибесі мол, қаржы-салық саласының майталман маманы болатын. Салық саласында қызмет атқарған уақытында ұжымның ауызбірлігін сақтап, қарамағындағы үлкен-кіші мамандармен әділ қарым-қатынас орната білді. Жалпы өмірінің 30 жылын қаржы, салық саласында өткізгені. Сондықтан оның жарқын бейнесі, жақсы істері жадымызда сақталып қалды.

Қаржы-салық саласының бірегей маманы Қамбарбек Амангелдіұлының облыс экономикасының өсіп-өркендеуінде елеулі еңбегі бар. Оны қызмет саласында үзінгілес жүрген әріптестері, дос-жарандары жақсы біледі. Өкініштісі, азаматтың өмірден ертерек өткені. Енді оның жақсы істері тек осындай естеліктерге ғана арқау болмақ.

Дайрабай ЫСҚАКОВ,
салық жүйесінің ардагері

КӨПТІҢ КӨҢІЛ ТӨРІНЕ КӨШКЕН

«Азырақ болып ортаңда, көңіліңде қалсам көбірек» деген жыр жолдары аз ғұмырында артына өшпес із қалдырған айтулы азаматтардың болмысы мен бейнесін айғақтағандай. Халық жақсы мен жайсаңын, асылы мен ардақтысын ұмытпайды. Қамбарбек Амангелдіұлы жұртшылықтың көз алдында өскен, қызметін қалтқысыз атқарған азамат еді. Жарқын бейнесі көптің көңіл төріне көшкелі де бір жыл болыпты.

Ол өз ісін жетік меңгерген кәсібилігін, іскерлігін Шиелі ауданында салық комитеті төрағасының орынбасары, кейін төрағасы, содан соң аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарған кезінде-ақ танытып үлгерді. Мемлекеттік қызметтің уақытпен санаспайтын жұмыс ырғағына әбден үйренген, экономика мен қаржы саласының білікті маманы екені көзге көрініп тұратын.

Жалпы адамның қабілет-қарымын егжей-тегжейлі зерттеген сарапшылар жетекші, мыңбасы болуға жарарлық жан жүздің, мыңның арасынан іріктеліп шығады деген тоқтамға келіпті. Расында, бұл ой қазық байлауға тұрарлық. Елдің алдында өңесініп тік көтеріп, арқасы қорған ағалардың ізін жалғаған інілерді мақтан тұтамыз, тілеуін тілейміз. Жолы ашық, ісі ілгері болса екен дейміз. Қамбарбек басшыға, білікті маманға тән қасиеттерімен үлгі болып жүрген жан еді. Амал нешік, тым ерте кетті.

Оның пікірі іскер маман, ұйымдастырушылық қабілеті мол басшы болғандықтан ғана емес, өңір экономикасының қыр-сырын жетік білетін экономист-қаржыгер ретінде де жоғары бағаланатын.

ТҮЛЕГІМІЗБЕН МАҚТАНУШЫ ЕДІК

Ғұмырының басым бөлігін аймақтың қаржы-салық саласына арнаған абзал азамат Қамбарбек Мұбаракөвтің дүниеден өткеніне де жыл толды.

Белгілі қаржыгер-экономист, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Жаңақорған және Шиелі аудандарының құрметті азаматы, Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының басшысы болған Қамбарбек Амангелдіұлы біздің түлегіміз еді. Нақтырақ айтқанда, 1996 жылы Қызылорда Агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтын АӨК экономист-менеджер мамандығы бойынша бітірді. Ол өте жақсы оқыды. Алғыр маман болды.

Еңбек жолын 1990-1991 жылдар аралығында «Өзгент» совхозында қырманда слесарь болып бастап, әр жылдары банкте, аудан және облыстық салық комитетінде қарапайым маманнан басшылық қызметке дейін көтеріліп, мол тәжірибе жинап, сақа қаржыгерге айналды.

Облыстық тексеру комиссиясының төрағасы, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Шиелі ауданының әкімі, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп

Қаржы саласының басты қағидасы нақтылық болғандықтан, мәселені ұзақ талқылағаннан гөрі шешімін айтатын. Қарапайымдығы мен кішіпейілдігі әркез ерекшелендіріп тұратын, жан-жағындағылар осы қасиетіне тәнті еді.

Елді коронавирус пандемиясы жайлаған жылы Шиелі ауданына әкім болып барды. Өлемді тарының қауызына сыйғызған сол кезеңді жұрт ұмыта қойған жоқ шығар. Сондай уақытта Қамбарбек адамгершілік қасиетін әрі іскерлігін танытты. Өз ісіне мығым, жұмысына жауапты, жан-жағына сыйлы, жанашыр әкім болып ауданның өсіп-өркендеуіне үлес қосты. Шиеліліктердің оны құрметті азаматымыз деп тануы осы еңбегіне берілген баға іспетті.

Естелік атаулы өмірді өрелі өнегесімен өрнектеп өткен жандар туралы өскелең ұрпақ білуі керек болғандықтан жазылады. Қамбарбек Амангелдіұлы туралы шағын жазбамыздың да мақсаты осы. Абзал азаматтың иманы саламат болғай!

Мұрат БАҚТИЯРУЛЫ,
мемлекет және қоғам қайраткері

басқармасының, облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы қызметін атқарған уақыттарында да өзінің қарым-қабілетін, жоғары адамгершілік қасиеттерін көрсете білді.

Қамбарбек Мұбаракөв қандай қызметте де адал еңбегімен абыройға келіп, өңірдің салық, қаржы-экономика салаларының дамуына ерекше еңбек сіңірді. Қай қызметте болмасын біздің берген білімімізді ақтап, білікті шәкірт бола білді. Өзінің іскерлігімен, кәсібіне деген адалдығымен көпке сыйлы болды. Қамбарбек Амангелдіұлының өмір жолына қарап отырып, осындай шәкірт тәрбиелеп шығарғанымызды зор мақтанышпен айтамыз. Қамбарбектей мамандарымызбен мақтанамыз, оны мақтан тұтамыз.

Мемлекеттік қызметтің түрлі сатысынан өткен тәжірибелі маман, біздің қабілетті, алғыр, іскер түлегіміз ретінде Қамбарбек Амангелдіұлының жарқын бейнесі жадымызда сақталады.

Қылышбай БИСЕНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

ЕҢБЕККЕР ЕР

Қамбарбек Мұбаракөв 2021-2022 жылдары Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына басшылық етіп, күріш шаруашылығын дамытуға, ғылым мен өндірістің өзара тиімді байланысын жолға қоюға үлкен еңбек сіңірді. Ол іскерлігімен, парасат-пайымымен, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген, адамгершілік асыл қасиеттері мол, ұжымның шынайы сый-құрметіне бөленген азамат еді.

Білікті маман 30 жылдан астам мемлекеттік қызмет жолында облыстық салық комитетінде, тексеру комиссиясында, бірнеше басқармаларда, аудан әкімдігінде басшылық лауазымды үлкен жауапкершілікпен атқарып, аянбай еңбек етті. Оның өмірлік ұстанымы мен елге деген адалдығы, туған жердің өркендеуіне қосқан үлесі көп болды.

Мен Қамбарбектің еңбекқорлығын мына әрекетінен дәлелдегім келеді. Ол қызмет жасап жүрген кезде де, айталық облыстық экономика басқармасында басшылық қызметте жүріп, отбасы мен туған-туысы үшін ерте көктемнен бастап егінге кірісетін. Сонда үлкен бір басқарма басшысының еңбекқорлығына таңғалған едім әрі риза болдым.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында бір жарым жылдай басшылық еткен уақытта үлкен істер жасаған. Қазір

осы институттың профессор ғалымдары Қамбарбек Амангелдіұлын сағынышпен еске алады. Өйткені ол кісі келген бойда 30 жылдан бері көміліп қалған каналдың көзін ашып, экскаватормен тазартқан. Соның рахатын қазір біз көріп, пайдаланып, егін суарып отырмыз.

«Тектіден текті туады» деп халқымыз бекер айтпаған. Жаңақорғанда қызметте болғаныма Қамбарбектің әкесі Амангелді ағамен үш жарым жылдай бірге болдым. Ол кісі Жаңақорған ауданының ақсақалы еді. «Өзге балаларым бір төбе, Қамбарым бір төбе, одан көп ұміт күтем» дейтін. Сондай екеден тәлім-тәрбие алған ұл өмірінің соңына дейін елі үшін тынбай еңбек етті. Бұл ұмытылмайды деп білеміз.

Сұлтанбек ТӘУШПАЕВ,
Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы

ТАУ ТҮЛҒАСЫ БИІКТЕЙ БЕРМЕК

Ғұмырының басым бөлігін өңіріміздің қаржы-салық саласына арнаған, өзіндік орнын қалыптастырған Мұбаракөв Қамбарбек Амангелдіұлындай қимас жанның орны бөлек еді.

Оның өмір жолы ерте үзіледі деп кім ойлаған? Жақсылардан бата алған, ақылымен жол тапқан, ардақты тұлға құйрықты жұлдыздай мезгілсіз ағып өтті.

Қалтқысыз қызметімен, өзіне берілген адалдығымен жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленіп үлгерген біртуар азамат екенін көзімізбен көріп, қоғам алдындағы қызметіне куә болдық. Қайнаған қызу тірліктің ортасында жүрген Қамекең қай салада да өзінің біліктілігін, талапшылдығын, жауапкершілікті сезіне білетінін көрсетті. Сондықтан болар, қызмет жасаған уақытында ел алғысына бөленіп, өз ортасында абырой биігінен көрінді.

Жергілікті бюджеттің әлеуметтік проблемаларды шешудегі орны ерекше. Халық қазынасын еселеп арттыру ісіндегі сан жылдық тәжірибесін пайдалана отырып, өңіріміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосты. Бұл ретте әр саланың қаржыландыруды қажет ететін өзекті бағыттарын дәл анықтап, өзіне тән жауапкершілікпен қаржының нақты жұмсалыуына қатаң талап қойды.

Аймақтың экономикалық дербестігін қамтамасыз

ететін бюджеттік түсім көздерін дұрыс жоспарлауының нәтижесінде салықтардың бюджетке толықтай түсірілуіне және жылма-жыл артуына ерен еңбек сіңірді.

Мемлекеттік қызметші мінсіз қызметі үшін «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін», басқа да мерекелік медальдармен марапатталған. Республика және облыс басшылығының марапат пен Алғыс хаттарына ие болған.

Өмірден ерте оза да, өшпестей із қалдырған озық ойлы азаматтың еңбегін айрықшалап айтуымыздың өзіндік мәні бар. Өйткені, Қамекеңнің ерен еңбегі туған өлкесі – Сыр өңіріне сіңді. Елін сүйді, асыл жарын аялады, балапандарын шексіз әкелік махаббатқа бөледі, дос қадірін білді.

Дана Абай атаған жігіттің үш қасиеті – нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат Қамбарбектің бойына туа біткен еді. Сол арқылы қызмет еткен ортасына, туған өлкесінің дамуына қосқан үлесі мәңгілік есте қалады.

«Тау алыстаған сайын биіктейді» деген дана халқымыз, күн өткен сайын Қамекеңнің тау тұлғасы да әріптестері арасында биіктей бермек.

Ғани АМАНОВ,
Қызылорда облысы бойынша
мемлекеттік қаржыгер
департаментінің басшысы



ЕҢБЕГІ ЕЛДІН ЖАДЫНДА

«Ел үшін туған ерлердің
Алды-арты дария, кең болар.
Болмысы бөлек азамат»

Халыққа үлкен бел болар, – деп жыр алыбы Жамбыл Жабаев жырлағандай, ел мен жердің келешегі үшін еңбек етіп, ел мүддесін бәрінен биік қойған болмысы бөлек халықшыл азамат Қожабек Дәдікбаевтың есімі Сыр жұртшылығына етене таныс болды десек артық айтқандық болмас. Ол туған жерін түлету үшін аянбай еңбек етті, өмір жолын қажырлы қызмет пен адалдыққа арнады. Іскер азамат өмірінің соңына дейін туған жерінің өркендеуі үшін қызмет етіп, оның есімі ауданымыздың ғана емес, Сыр өңірінің тарихында алтын әріппен жазылып қалды.

«Әр адам – өзінің ішкі жан дүниесінің көрінісі. Адам қалай ойлайтын болса, оның өмір нәтижесі де дәл солай қалыптасады» деп жазған екен әйгілі Марк Цицерон. Иә, орнықты ойда терең мағына бар. Адамның ішкі жан дүниесі мен жүрегінің тазалығы, ата-анасының қанымен бойына сіңген адамгершілік қасиеті оны елге адал қызмет етуге жетелейді. «Елім» деп қабілет-қарымын, білімін, еңбекқорлығын туған жерге арнаған Қожабек Дәдікбаев ірі істің уығын қадап, кергесін кеңейтті. Өткен ғасырдың тоқсаншы жылдары Теренөзек кентінен кейінгі ең үлкен ауыл Шағанда әйгілі «Шаған» агрофирмасын құрып, директорлық қызметін абыроймен атқара бастады.

Ақ пен кара, бақ пен нала, қуаныш пен қиындық қатар жүретін өмір белестері Сырдың ардақты азаматының өмір жолын өз өрнегімен өрбінді. Адамның адамдық қасиетінің негізгі өлшемі еңбексүйгіштік десек, Қожабек Кенжебекұлы еңбекке ерте араласты. 1956 жылы Сырдария ауданы бұрынғы Ленин селосында дүниеге келген ол өз қатарластары секілді заман тынысына бейімделіп өсті. Білім алу жолынан қол үзбей, еңбек ете жүрді. Мектепте зерек, білімге құштар болған еңбеккер жас шәкірттердің алды болып, оқуды үздік бағамен бітірді. 1973 жылы болашақ мамандығына таңдау жасаған жас түлек туған жерден шалғайда жатқан Ақмола инженерлік-құрылыс институтына оқуға түсіп, инженер-механик мамандығын алып, жоғары оқу орнын ойдағыдай тәмамдады. Жас маман алғашқы еңбек жолына аяқ басып, 1978 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ССР автомобиль жолдары Министрлігінің №36 автомобиль жолдары басқармасында инженер болып, шындала бастады. Оның бүл ұмтылысы, туған жеріне деген құрметі өз ұлтына, мемлекетке деген патриоттық сезімдерге ұласты. Қожабек Дәдікбаев үшін еңбегінің ел көдесіне жарағанын сезіну – өмірлік ұстанымына айналды.

Қолда бар деректерге зер салсақ, ардақты азамат 1980-1982 жылдары Ақмола қаласына қарасты инженерлік-құрылыс институтының нормативті зерттеу станциясында зерттеуші инженер болып қызмет атқарған екен. Көп ұзамай өз біліктілігін, әрі тәжірибесін арттыра түскен маман аға инженер болып жоғарылайды. Өзіне жүктелген әр іске жауапкершілікпен қарайтын ол уақыт өте туған жерге оралып, 1982-1984 жылдары «Шаған» совхозында инженер, бригадирдің көмекшісі болып еңбек жолын жалғастырады. Осы жылдары совхоздағы әріптестерінің арасында зор беделге ие болып, нәтижелі жұмыс көрсетумен дараланады. 1985-1989 жылдары Қожабек Кенжебекұлы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, жауапты ұйымдастырушысы қызметін абыроймен атқарды. Ел азаматы игілікті ісімен танылып, қайырымдылық пен қамқорлықтың зор үлгісін көрсетіп, ұлт болашағының өркендеуіне үлес қосып жүрген азамат екенін көрсете біледі.

1989-1990 жылдары Қожабек Кенжебекұлының қызметтік жылдығы айтарлықтай өзгеріс болды. Вильнюс қаласындағы жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы атанып, 1990-1991 жылдары Ленинград политехника институтының тыңдаушысы ретінде ел басқару ісіне араласа бастайды. Өзіне де, өзгеге де қатан талап қоя білетін, кез келген іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын азаматтың ұйымдастырушылық қабілеті де ерекше болады. Кәсіби шеберлігі артып, заман талабына сай материалдық-техникалық базаны нығайту, мамандармен толықтыру, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда алдына жан салмайды. Жаңа технологиялық үрдістерді енгізу және қызметкерлердің әлеуметтік мәселесін шешуге бағытталған жұмысты ұтымды жүргізе білуі ел аузында жүрді.

Қожабек Кенжебекұлы 1991 жылы ауданда ауылшаруашылық басқармасына бөлім басшысы болып тағайындалса, 1992 жылы аудандық өндірістік-техникалық кооперативтің бас инженері, кейінгі жылдары басқарушы болып қызметтік жолын жалғастыра түседі. Токсаныншы жылдардағы тоқырау көкем молім.

Барлық салада орын алған жағдай, ауыл шаруашылығына да үлкен соққы болып тиді. Осы ретте Қожабек Кенжебекұлы онтайлы шешімге қол жеткізіп, «Шаған» агрофирмасының жұмысын ұтымды ұйымдастырды. Агрофирма өндірген сапалы өнім халық игілігіне асты. Іргелі ауылдың тыныс-тіршілігіне жауапты болу азаматтың еңбек жолындағы айтулы кезең, үлкен белес, асқаралы асу саналды. Қол жеткен табыстармен шектеліп қалмай, талап пен талант жұптасып, алға шақырған күндер мен түндердің бейнеті емес, берекесі артып жатты. Егін орағының қорытындысы бойынша жеңімпаз деп танылды.

Еліне құрметті азаматтың еңбегіне сай марапаттары да аз болмады. 1996 жылы күріш егісінен мол өнім алуды қамтамасыз еткені үшін сол кездегі облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың қолынан Құрмет грамотасын алды. Сонымен қатар аудан, қала, облыс, тіптен республика көлемінде сапалы өнімге қол жеткізе білген Қожабек Кенжебекұлының еңбегі бағаланып, 1998 жылы Мемлекет басшысының өзі арнайы «Құрмет» орденін тақты. Бұл тарихи сәтті сол кезде республикалық телеарналар көрсетіп, ақпарат құралдары сүйіншілей жариялағаны ел есінде. Ауыл шаруашылығы жылының қорытындысы бойынша Қожабек Кенжебекұлы төрағалық еткен Сырдария ауданындағы «Шаған» агрофирмасы облыс жеңімпазы атанып, табанды еңбегінің арқасында іскер азаматтың жұлдызы жанды.

Адал еңбекті ту етіп, ел мүддесін бәрінен биік қойған азаматтың еңбегі жөнінде өз естелігімен бөлісетін азаматтар ауданымызда көп. Қиын кезеңде аудан әкімі қызметін атқарып, ауданға көп өзгеріс әкелген ел ағаларының қатарында «Құрмет» орденінің иегері Әріп Хожанов Қожабек Кенжебекұлымен кездескен сәтін тебіреніспен еске алады.

– Сырдария ауданына әкім болып тағайындалғаннан соң арада 2-3 күн өткенде жұмыс аяғына таяу қабылдауыма Қожабек Дәдікбаев келді. Өзін таныстырып, ауылдың тыныс-тіршілігін баяндаған білікті төрағаның атқарып жатқан жұмысына риза болдым. Оның ауыл шаруашылығын ілгерілетуде алдына жан салмайтын азамат екенін таныдым. Белсенді, туған елге қызмет ететін нағыз жана-шыр азамат екенін байқадым. Менің де жұмысыма сәттілік тілеп, алдағы уақытта бірігіп жұмыс жасайтынмызды айтты. Жүзі жарқын азаматтың бейнесі көз алдыма қалыпты. Өткен бұл кездесу алғашқы әрі соңғы кездесуіміз болғаны өкінішті. Дәл ертеніне Қожабек Кенжебекұлының жол апатынан қайтыс болғаны туралы хабар келді. Аман қанша, тағдырдың озмыш жоқ. Арада қанша жыл өтсе де елі үшін туған азаматтың айқын қолтаңбасы әлі де сайрап жатыр, – дейді қоғам қайраткері.

Пайымды пікірді Сырдария ауданының Құрметті азаматы Алма Бақтирова да қуаттай түсті.

– Еңбегімен ер атанған, халықтың жүрегінен орын алған Қожабек Дәдікбаевты қалай мақтасақ та, қалай дәріптесек те жарасады. Ол елдің бағына туған ардақты азамат болды. Қайта құру кезеңінің алғашқы қарлығашы еді. Музейде Қожабекке арналған арнайы іс-шаралар өткізуді қолға алып, тұтыңған заттарын, марапаттарын жинақтаған болатынымын. Бұл оның рухына жасалған құрметтің белгісі. Ол өте іскер, мықты экономист атануымен де ерекшеленді. Есімі де, еңбегі де ешқашан ұмытылмайды. Рухани жаңғырамыз, тұлғалар рухына тағзым етеміз десек, Қожабектей азаматтарды еске алып, еңбегін насихаттауымыз керек, – дейді «Құрмет» орденінің иегері.

Қожабек Кенжебекұлы басқарған агрофирма жұмысы туралы талай ауыл шаруашылығы майталмандары жақсы лебізін білдіруге асық. Соның бірі ауылдың жағдайын жақсы білетін азамат Марат Омаров былай деп өзінің естелік әңгімесінде айтқан болатын.

– Қожабек бауырымыз шаруашылықтың әр саласын зерделеп тәртіпке келтіріп, еңбеккерлердің маңдай термен тапқан табысын өз пайдасына жаратпай, шығын шығармай шаруашылықтың өндірісін кеңейтіп, еңбеккерлердің айлығын үнемі көтеріп отырды. Бір сөзбен айтқанда,

ауылдағы жерге де, елге де егелік етті. «Шаған» агрофирмасының аты елімізге танылып, «Ақ маржан» күрішін өзі өндіріп, оны өңдеп, нарыққа шығарды. Директормын деп көзге күйік болатындай соңғы маркалы көлік мініп, отбасына, ағайынына ерекше зәулім сарай салғызып, онсыз да бірде жетіп, бірде жетпей отырған ауыл еңбеккерлерінің ұзасын келтіріп аттың үстінен қараған жоқ марқұм. Осы кісінің ізін, тәжірибесін үлгі етіп қанағат тұтып келе жатқан директор інілері де қазір баршылық. Елдің де, мемлекетіміздің де құрметіне бөленіп жүр, – дейді ауыл шаруашылығы саласының ардагері.

«Адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» деп айтып кеткен екен өз дәуірінде ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби. Өзінің басындағы бақытты өзгелермен бөлісе білу, жақын жандардың жанарындағы кірбінді айнытпай тану, ойланбастан көмекке келу, жылы лебізбен демеу жан дүниенің тазалығынан туындайтын қасиеттер емес пе! Бұл тұрғыда Қожабек Кенжебекұлы ауылдағы ағайыннан ешқашан аянып қалмады. Жаны жабырқағанның жанынан табылып, қайырымдылық іс жасауға асығып тұрды. Бар арман-мұраты ел-жұрттың қамын жасау, туған ауылын түлету, болашағын жарқын ету болды. «Адамды бақ та, байлық та емес, қанағат қана мұратына жеткізеді» деп ата-бабаларымыз өсиет етіп кеткендей, Қожабек Кенжебекұлының болмысында толымды деп төкпейілу, болдым деп бөлісу қасиеті болмады. Елім деп еміреніп, ел-жұрттың жағдайын жазап, болашақ ұрпақтың қамын ойлады. Өзі барда ауылдан жер ашылып, алма бағдан егуге бастамашы болды. Бұл туралы «Шаған жер» ЖШС төрағасы Жәнісбек Сыздықов:


– Шағанда Қожабек Дәдікбаевтың есімі ерекше құрметпен аталады. Шаруашылықтың да өлден кемеліне келгені осы тұс екені белгілі. Дәдікбаевтың тұсында Шағанда алма бағы егіліп, 2000 түп қошет отырғызылыпты. Алмағайып тұста 13 жыл қараусыз қалған бақтың күтімі 2021 жылдан бері қайта қолға алынды. Сол мақсатта бірнеше адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Егілген 2000 түп алмадан 900-і қалған екен, – дейді төраға.

Бақтың еңбектен тапқан Қожабек Кенжебекұлының атында Теренөзек кентінде, Шаған ауылында көше бар. Көше тұрғындары ардақты азаматтың есімін құрмет тұтады. Сондай-ақ шаруашылық тарапынан тағайындалған арнайы шәкіртқақы да бар. Жыл сайын белгіленген қаржы үздік деп танылған шағандық түлектерге тапсырылады.

– Қожабек ағамыз өз заманының дара тұлғасы еді. Қайбір жұмысты қолға алса да аяғына дейін жеткізетін қасиетіне тәнті болатынбыз. Ауыл шаруашылығын жандандырып, кеудесіне «Құрмет» орденін таққан аудандағы алғашқы азаматтың бірі болды. Тірі болғанда талай жақсы істің көшбасшыда жүрер еді. Жыл сайын ардақты ағамызды еске алуға арналған іс-шара ұйымдастырамыз. Түлектерге арнайы шәкіртқақы тағайындалады. Осындай игі істің басы-қасында жүрген ел азаматтарына алғысымызды білдіреміз. Туған елдің қамы үшін еңбек етіп жүрген азаматтар аман болсын, – дейді Марат Дәдікбаев.

Ауыл шаруашылығы саласын түлетуде өзіндік дара қолтаңбасын қалдырған Қожабек Дәдікбаев тірі болғанда биыл 70 жасқа толар еді. Болмысы бөлек тұлға отбасында асқар тау әке атанып, өмірлік жары Тұраш Әбдібекқызымен салықалы ұрпақ тәрбиеленді. Еріне адал жар бола білген ол текті әулеттің келіні, бір отбасының анасы, сүйікті жар атанды. Ұзақ жыл ауданның білім саласында еңбек еткен ардақты ұстаз Шаған ауылындағы орта мектептің директоры болып, зейнетке шықты. «Өзінің еңбекқорлығымен, іскерлігімен дараланған Қожабек Кенжебекұлының ерен еңбегін – туған халқының алдындағы өтелген азаматтық парызы» деп біледі аяулы жар. Расында да туған жерін шексіз сүйген, адал еңбек ете білген азамат ел жадынан өшпейді.

Ақтөре ИБРАГИМУЛЫ,
Бибісара ЖАНӘЛІ



Жақсы адамның өмірі қанша жасаса да отбасы, жан-жағы үшін жанға жайлы жаздың бейнесіндей қымбат.

Таяуда ғана қайтпас сапардың көшіне ілескен белгілі дәрігер, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, кеңес дәуірінің «Құрмет белгісі» ордені мен тәуелсіз еліміздің «Шапағат» медалінің және «Алтын дәрігер» марапатының иесі Базарбай Үмбетов бабаларымыздың кеңпейіл қасиетін жоғалтпаған, жұмсақ сөзді, жайдары жан еді. Кеудесі қазыналы, жаны ізгілікке толы болатын, болмысынан биязылық, өн бойынан қазақы тәрбие тебіндеп тұратын.

Енді міне, жаратылыс бойына берген сол бір саф қасиеттерді туған өлкесіне, ондағы қара орман қалың елдің игілігіне сарқа жұмсаған саққы көңіл, сабыр қалпындағы азаматтың орнын толтыра алмай, өкініш өзегінде отырмын.

ЖАҚСЫЛАР АЙ МЕН КҮНДЕЙ, ЖАРЫҒЫ КӨПКЕ БІРДЕЙ

Ол өкініш – ең қымбатты, ең аяулы адамның көкірек сыздатқан қайғысы.

Базекен – өзіме тете Алма апайымның жолдасы, жездемез, алайда біз аға деп атайтын едік.

«Екі жақсы қосылмайды дейсің сен, тағдыр қосса мен-ақ жаман болайын» демекші, бұл бір жарасымы жан-жағына өнеге таратқан, ынтымағы ортаймаған отбасы болды.

Екеуі отау тіккеннен кейін қалада шамалы уақыт тұрды да, қызмет басымен Шиелиге көшті. Базекен осы киелі мекенде үлкен азамат деңгейіне жетті, бедел жинады, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

Шиелинің туа бітті тұрғындарындай болып кеткен олар сол елге қалтқысыз қызмет жасап, сыйлас, сырлас достар тапты. Өмірдің сүзгі-талқысынан мүдірмей өткен, отыз-қырық жылдың бедерінде табиғи болмысы өзгермеген сол достарды мен де жақсы білемін. Олардың арасында ақылы тірлігіне сай әр саланың кәсіби мамандары, елге сыйлы әртүрлі деңгейдегі білікті азаматтары Мәткәрім Баймаханов, Серікбай Шаймерденов, Есіркеп Бетдібеков, марқұм Жәкен Махамбеталиев, Сайлау Нүрекеев және тағы басқарлар бар еді. Нағыз дос әрі тіреуің, әрі қанатың емес пе, Базекеннің болмысындағы мықтылықтың бір қайнары өзі жиган сарқылмайтын қазынасы, сол достары еді десем, артық емес.

Аға мен апайым соңғы отыз жылдан астам уақыт бедерінде Алматы облысының Қаскелең қаласында тұрды. Алғашқы жылдары Алматы қаласының №1, №7 орталық емханаларында бас гинеколог дәрігер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарып, зейнеткерлікке шықты. Мұнан соң да кәсіби қызметінен қол үзгіп жүріп Санжар Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұстаздық етті.

Ағаның ешкімге ұқсамайтын келбеті күлімсіреп, арқашан көз алдыма тұрды. Бірақ тағдырдың осынау қатал заңдылығы бәрімізді де мойындатты. «Шүкір, жасырын жасады» деп көңіл жұбатамыз, алайда, жақсылар мейлі жүз жасаса да көп емес, сондай асылдар айбарына айналып алдында жүрсе қанекей!

Өнегелі өмір сүріп, айналасына, ізінен ерген інілеріне елге адал қызмет етудің, адамгершілік пен адалдықтың үлгісін көрсетіп кеткен ағеден азаматын бүкіл жұрты аза тұтып, бізбен бірдей жоқтады.

Базекен Шиелиде ағамыз бірінші ретінде биіктен, мәңгілікке айналып кеткендей. Бүгін біз содан қуат алып жүргендейміз.

Өткен өмірді, кешкен құмырды еске алғанда, тіршіліктегі пендеге қаратыла айтылатын ең ұлы да әділ баға «жақсы адам» деген сөз. Базарбай аға шын мәнінде «жақсы адам» деген ұғымның мағынасына толық сыйымды жан болатын.

Дәрігер – ең ұлы әрі қастерлі мамандық. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін кәсіп. Дәрігердің жүрегіне батырлық пен мейірімділік қатар ұялап, өзгенің ауруын өз бойынан өткізе білетін қасиет керек.

Базекен Шиелиде жүргенде өте білікті гинеколог-дәрігер ретінде өзінің осы саладағы барлық білімі мен біліктілігін аудан халқының игілігіне жұмсап көрсете білді. Талай жанға шипалы емін дарытып, талай адам жанының, бейкүнә сәбидің арашасы болды.

Дәрігер өмірі қарбалас, ол қарапайым адамдарға жылына бір мәрте жолағытын оқыс оқиғалардың ортасында күн сайын жүреді.

Бір жылы, көктемгершілік мезгілде Қарғалы ауылынан аудан орталығына аяғы ауыр келіншектің үйінен қонырау түсіп, жедел дәрігер қажет екені хабарланды. Базарбай аға тез жиналып жолға шығады. Осы мезгілде Қарғалы арнасынан сең жүріп, көлік өткілі бұзылып кетіпті. Арғы бетте – өмірмен алысқан ана, бергі бетте – шипа жеткізуді дәрігер, арасында асу бермес кедергі жатыр. Бұл бас шайқап теріс бұрылатын жер емес, Базекен тосылмастан жанындағы автокөлік жүргізушісі екеуі ағаш сындырып,

қолдан сал құрап, арғы бетке өтеді. Сөйтіп, әйелді үйінде аман-есен босандырып алады.

Тағы бірде жолаушылар пойызымен Алматыға келген Ресей азаматшасы ауыр халде ауруханаға жеткізіледі. Сол күні кезекшілікте болған Базекен жедел түрде аса қиын ота жасауды қолға алады. Қандауырдың жазында қылылдаған өмір үшін болған күресте дәрігер жеңіп шығады, Базекеннің батыр іс-қимылы арқасында егіз ер бала дүниеге келеді.

Көп жылдан кейін ағаның емханада жатқанын естіп, өмірін сақтап қалған келіншек Ресейден екі баласын ертіп келіп, балаларына бұл өмірде кімге қарыздар екенін айтып, алғыс жаудырып, ризашылығын білдіреді.

Білікті дәрігер бұлардан басқа да талай ана өмірінің арашасы болып, талай сәбидің аман-есен дүние дидарын көруіне себепкер болды. Бірнеше сабиге азан шақырып Базарбай аға мен Алма апа есімінің берілуі оларға деген қарапайым жұрттың ерекше құрметі, айрықша алғысы болатын.

Бүгінде сондай ризашылықпен Базарбай ағаның есімі берілген Нүрекеев Сайлау аға мен Дариға апайдың балалары үлкен мұнай компаниясының заңгері, ал Алма апамыздың есімі берілген Абдуов Сәрсенбай мен Шарбаньның қыздары филология ғылымдарының докторы, профессор.

Базекен өмірінің соңына дейін әзі ауырып жүрсе де науқас жандарға қолынан келген көмегін аямай, жас дәрігерлерге ақыл-кеңес берумен танбады.

Бұған да бір мысал келтіре кетейін. Ақ желенді абзал жан өмірден өтерінен жиырма бес күндей бұрын ауыр науқасқа ота жасау үшін ауруханаға шақырылады. Осы сәтте өзінің ауруы жаңға бағып тұрған Базекеннің оған бармауға да толық құқы болатын. Бірақ, өзге біреудің хәлі қыл үстінде тұрғанда аға анттынан аттай алмады. Қандауырды қолға алды. Негізгі ағаның ауруы бауырынан еді, оның салдары дененің қызын көтеріп жіберетін. Өмір арналысында өзі қара терге түссе де, денесінің қызуына шыдамаған Базекен сонда мұздай еленді жалаң аяғымен басып тұрып ота жасапты. Не деген жанкештілік!

Ибн Сина өзі көз жұмарда шәкірттерін шақырып: «Міне, менің аяғым төменнен бастап мұздай бастады, қазір қолымның қаны ұйыды, сосын жүрек тоқтайды» деп дәріс беріп жатыпты. Базекеннің ота үстіндегі оқиғасын да осындай ерлік деп атауға тұрарлық, мұны медицина тарихына алтын әріппен жазса, артық емес.

Адам баласында арман таусылған ба? Барлығымыздың түлеуіміз ағаның немерелерінің тойын өзі атқарып, қызығын өзі қызықтаса екен деген тілек еді. Алла тағалам оған жеткізбеді. Пенде өз ішін паракатпай, айырып үлгіргенше, ғұмыр да ғайып. Қып-қасқа көрген тұстей. Бір есіктен кіріп, бір есіктен шығып кеткен сияқты. Бәрін білмеске бір адамның ғұмыры жетпейді. Содан болар, атаның ізін баласы басып, алдыңғылардың білгендерін кейінгілер алып, септесіп ғұмыр кешетін.

Базекеннің болмысына адам сыйлаудың, жақсылық жасаудың деген Тәңірдің өзі екендей. Ол кісі әсіресе, біздің ата-анамызды ерекше құрметтейтін. Көп көрген, көп түйген менің әкемді әркез өзіне үлгі санайтын.

Өмірде Базекеннің өзі ең үлкен құрметке лайық тұлға болып қалыптасты. Оның ісінің өлмейтініне, ізінің жоғалмайтынына мен кәміл сенемін. Құдайға шүкір, өмір жалғасуда, ұрпақ жалғасуда. Енді Үмбетовтер деген ұрпақтар легі келе жатыр. Әрқайсысын жалғыздайып етіп еркелеткен ұл-қыздары Алмас, Жалғас, Меружай мен немерелері Айлана, Әлімхан, Темірлан, Мерей, Дияр, Дарина, Даниялдар аға өмірін жалғастыраы анық.

Ендігі уақытта Алма апамыз осы ұрпақтарының жетістіктері мен қуаныштарына кенеле жүріп, ұзақ ғұмыр кешің деп тілейміз.

Әріп ҚОЖАНОВ,
Сырдария ауданының құрметті азаматы, қоғам қайраткері

/// БӘРЕКЕЛДІ!

ЖЕЗТАБАН РОБОТТЫҢ ЖЕҢІСІ

Астанада өткен Alem TechFest – 2026 республикалық технологиялық фестивалінде Қызылорданың Қорқыт ата университетінен барған LUPIC командасы «RoboCup Rescue» санатында бірінші орынды иеленді. Команда Unitree Go2 робот-итін автономды режимде жүргізетін жасанды интеллект жүйесін жасап, күрделі трассаларды сәтті өңсерді. Роботтың аты – Жезтабан. Команда капитаны – Жасанды интеллект институтының CPAI-24-1 студенті Ернур Қанат. Құрамында Аян Нұрлыбекұлы мен Дархан Серікбаев бар.

Уақыт өте тығыз командаға бар болғаны үш күн берілген. Оның екі күні жобаны жасау мен роботты тестілеуге кеткен, ал соңғы күні финал өткен. Осындай қысқа уақыт ішінде олар дайын роботты жай қозғалатын техника емес, айналаны көріп, түсініп, шешім қабылдайтын жүйеге айналдыруға тырысқан.

LUPIC командасы негізгі екі пінді компьютерлік көруге қойған. Жезтабанға камера арқылы айналаны танып, кедергіні байқап, жолды өзі таңдауға мүмкіндік беретін алгоритм жазған. Жоба ROS2, Python, OpenCV кітапханалары арқылы жасалған. Команда роботтың операциялық жүйесіне кіріп, моторлар мен негізгі бағдарламалық бөлігіне өз логикасын енгізген. Мұндағы мақсат – роботты қайта құрастыру емес, дайын платформаға жана қабылет беру.

Жобаның негізі қарапайым көрінгенімен, орындалуы қиын. Жезтабан алдындағы шамамен бір метр аумақты бағалап отырған. Егер оның алдында қабырға, орындық, шабадан немесе қабырғаға ұқсас кедергі тұрса, жүйе оны қауіпті аймақ ретінде қабылдаған. Ал егер бос болса, алға жүрген. Сол арқылы Жезтабан трассада өздігінен бағыт таңдап отырған.

Ернұрдың айтуынша, сырттай қарағанда бұл код аса күрделі көрінбеуі мүмкін, бірақ шын мәнінде барлығы нақты есеп пен жылдам реакцияға тірелген.

– Біз итке ЖИ көзін бердік. Ол қабырғаны көрсетіп, бұрылу керек, ал жол бос болса, жүруі керек деген логика құрдық. Код жай көрінгенімен, робот оны өте жылдам орындады. Реакциясы мен қозғалыс жылдамдығы көп көмектесті, – дейді команда капитаны.

Дайындықтың ең ауыр бөлігі – үздіксіз тест. Команда робот бір жерден қатесіз кетсе, жобаны тоқтатып, қайта бастап, Жезтабанды орнына қойып, сынақты қайта жүргізіп отырған. Қате кеткен сайын бүкіл кодты емес, тек маңызды бөлігін өзгертіп, жүйені қайта тексерген. Осындай бірнеше циклден кейін ғана алгоритм тұрақтана бастаған. Команда өз ішіндегі есебі бойынша роботтың трассадан сәтті өту ықтималдығын шамамен 75% деп бағалаған. Бірақ жарыс үшін бұл жеткіліксіз еді.

– Ең қиыны – трассадағы қабырғалар арасындағы үлкен ашық тесіктер, – дейді Е.Қанат. – Жезтабан ондай жерлерді шыға беретін жол деп қабылдап, сол жаққа басын тығып, тұрып қалатын. Бұл автономды жүйе үшін өте қауіпті сәт, өйткені бір ғана кідіріс бүкіл нәтижеге әсер етеді. Сол себепті роботтың шешім қабылдау логикасын қатайтып, параметрлерін қайта баптадық.

Команда капитанының сөзінше, тағы бір мәселе – интернетке тәуелділік. Бастапқыда мультимедиялы жасанды интеллект моделін бұлт арқылы қолдануды ойлаған. Тіпті үш түрлі трассаға жеке алгоритм мен функция дайындау жоспары да болған. Бірақ жарыс



өтетін ғимаратта интернет тұрақсыз болып шыққан. Көп адамның желіге қосылуына байланысты байланыс жоғалып кетіп отырған. Сол кезде команда тез арада басқа жол тапқан.

Олар роботқа айналаны бірден емес, шамамен бір секунд ішінде толық қарап, түсініп алуға мүмкіндік берген. Соның арқасында Жезтабан алдындағы нысанды тек көріп қана қоймай, оны қалай айналып өту керектігін де өзі шешкен. Бұл шешім интернетке тәуелділікті азайтып, жобаның тұрақтылығын күшейтеді.

– Біз Жезтабанға жан бергендей болдық. Ол өзі қалаған жаққа бұрылып, өзі жүріп, кәдімгідей ақылды ит сияқты әрекет етті. Бір сәтте роботты емес, ойлап тұрған тірі жүйені көргендей болдық, – дейді ол.

Команда бұл жобаны тек жарыс үшін жасалған жұмыс деп қарамайды. Олардың пікірінше, мұндай роботтарды өрт кезінде, орманды бақылауда, қауіпті аймақтарға кіруде, адамдарды іздеуде, жұқтасуда және автономды міндет орындауда тиімді қолдануға болады. Жезтабанның мүмкіндігі бір жарыспен шектелмейді.

Жобаны әзірлеуде жасанды интеллект құралдарының да көмір көп болған. Команда код жазу кезінде Gemini мен ChatGPT жүйелерін белсенді пайдаланған. Бұл құралдар кейбір шешімдерді тез табуға, алгоритм логикасын нақтылауға және код құрылымын жылдам дайындауға көмектескен. Бірақ негізгі шешімдер, тест нәтижелері және бейімдеу жұмыстары команданың өз қолымен жасалған.

Бұл жеңіс – үш күннің ішінде жасалған жұмыстың нәтижесі ғана емес, дайын роботқа нақты интеллект элементтерін енгізу, оны қайта-қайта тексеру, әр сәтсіздіктен кейін тез шешім қабылдау және командалық үйлесімді сақтау нәтижесі. Қазір Жезтабан жасанды интеллект арқылы өздігінен жүріп-тұра алады, ал команда бұл бағытты Қызылордада да жалғастыруды көздеп отыр. Олардың түпкі мақсаты – автономды қозғалатын роботтарға жаңа деңгейдегі мүмкіндік беру, өз сөздерімен айтқанда, «цифрлық жан беру».

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

2025 жылға бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ЕСЕБІ

1. Кәсіпорынға сипаттама

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Компания) Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Компаниядағы қызметкерлер саны – 1119 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы – 69 адам, өндірістік персонал – 1050 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 10 608 шақырым, қосалқы станциялардың саны – 2058 дана, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі 60,83% жетті.

Құрылғылардың нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы қажет болса да, қазіргі таңда олардың нақты қызмет еткен мерзімі 30-50 жылдан асып отыр.

2. 2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

«ҚЭТТК» АҚ-ның 2025 жылға арналған инвестициялық бағдарлама жалпы сомасы 8300 млн теңгеге бекітіліп, 8289 млн теңгеге толығымен орындалды.

Іс жүзінде кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 522 млн теңгеге, ал бюджет қаражатынан 7 767 млн теңгеге инвестициялық бағдарламасы іске асырылды.

Аталған жұмыстар толығымен орындалып «ҚЭТТК» АҚ-ның электр қондырғыларының жалпы тозу деңгейі 63,83%-дан 60,83%-ға дейін, сонымен бірге авариялық ажыратулар 10%-ға төмендеді.

«Күрделі және ағымдағы жөндеу шығындары» 306 млн теңге (күрделі жөндеу – 257 млн теңге, ағымдағы жөндеу – 49 млн теңге) мөлшерінде бекітіліп, 1069 км электр желілері мен 102 дана қосалқы станцияларына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары толығымен жүргізілді.

3. 2025 жылға бекітілген тарифтік сметаның баптары бойынша орындалуы

«Реттеліп көрсетілетін қызметтер» үшін бекітілген жалпы шығын 11 047 млн теңге болса, нақты 12 840 млн теңгені құрап, артық шығын 1793 млн теңге мөлшерінде қалыптасты, атап айтқанда:

- материалдық шығындар 62 млн теңге, амортизация 483 млн теңге, салықтар 92 млн теңге, Еуропалық қайта құру және даму банкінің сыйақы төлену шығындары 426 млн теңге, нормативтік ысыраптардың өтелуіне электр энергиясын сатып алу шығындары 726 млн теңге, өндірістік сипаттағы өзге ұйымдар қызметтері және өзге де шығындары 30 млн теңге, тарифте ескерілмейтін шығындар 73 млн теңге.

2025 жылдың I қаңтарынан бастап 15 мамырына дейін «ҚЭТТК» АҚ-ы 7,007 теңге уақытша өтемдік тарифі бойынша кіріс алды, Департаменттің 08.05.2025ж. №18-НҚ бұйрығымен 2025 жылдың 15 мамырынан бастап қолданысқа енгізілуімен 9,346 теңге мөлшеріндегі тариф бекітілді. Осыған байланысты алынбаған табыс 510 млн теңгені құрап, жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 8,481 теңгені құрады. Тарифте пайда ескерілмеген.

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзілсіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2025 жылы 2-дәрежелі істен шығулар 218 рет тіркеліп, 2024 жылмен (230 рет) салыстырғанда 5% төмендеді.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

5. 2025 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Оперативтік мәліметтер бойынша: Жалпы табыс 40 990 млн теңгені құрады

(негізгі қызметтен 34 639 млн теңге, өзге қызметтерден 6 351 млн теңге).

Жалпы шығыстарға 42 804 млн теңге жұмсалды (негізгі қызметке 39 217 млн теңге, өзге қызметтерге 3 587 млн теңге).

Жылдық шығын – 1814 млн теңгені құрады (негізгі қызметтен – 4578 млн теңге шығын болса, өзге қызметтерден түскен пайда 2 764 млн теңге).

Өндірістік шығындар көлемі – қызметтерді апаратын жағдайларсыз және электр энергияны сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке, сонымен қатар қосымша қызмет көрсету жұмыстарының өткізілуіне, материалдар мен жанар-жағармай нарық бағасының өсуі, нақты амортизацияның ұлғаюуы және жыл ішінде Бірыңғай сатып алушыдан электр энергияны сатып алу бағасының бірнеше рет өсуіне қарай, электр энергиясының ысыраптарын сатып алуға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты ұлғайды.

6. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері

Тарифтік сметада бекітілген транзит көлемі 1 179 млн кВт*сағат болса, нақты қалыптасқан көлемі 1 239 млн кВт*сағатты құрап, бекітілген мөлшерден 60 млн кВт*сағатқа немесе 5%-ға ұлғайды. Электр энергиясының транзиті 2024 жылмен салыстырғанда (1 173 млн кВт*сағ.) 66 млн кВт*сағатқа немесе 5,6% өсті.

7. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы

«ҚЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзілсіз қамтамасыз ету болып табылады.

2694 млн теңгеге «Жанакорған кентіндегі 10/0,4 кВ электр желілік жүйесін жаңғырту» бағдарламасы аясында 10/0,4 кВ 181 шақырым электр желісіне, 53 жанын-тық ТП, КТПН қосалқы станцияларын КТПБ/10/0,4кВ блоктік үлгіге ауыстыру бойынша қайта жаңғырту жұмыстары іске асырылды.

Сонымен бірге, 4100 млн теңге қаражатқа Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі 220/35/10 кВ «Шиелі» ҚС қайта құру жұмыстары жүргізілді.

8. 2026 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары

(оның ішінде электр энергиясын беру қызметінің тарифі өзгерген жағдайда)

Уәкілетті органның 2025 жылғы 8 мамырындағы №18-ОД бұйрығымен ағымдағы жылдың I қаңтарынан бастап 9,152 теңге тарифімен электр энергиясын беру қызметінің тарифтік сметасы бекітілді. 2026 жылдың тарифтік сметасына сәйкес:

- электр энергиясы транзитінің көлемі – 1238 млн кВт*сағат, нормативтік ысыраптардың көлемі – 177 млн кВт*сағат немесе 14,40%;

- жөндеу жұмыстары – 349 млн теңге (ағымдағы жөндеу – 52 млн теңге; күрделі жөндеу – 297 млн теңге). Оның ішінде 54,87 шақырым әуе желісіне және 30 қосалқы станцияларына күрделі жөндеу жұмыстары, сонымен бірге 15,25 шақырым әуе желісі және 28 қосалқы станцияларына ағымдағы жөндеу жұмыстары қарастырылған.

Қазіргі таңда, барлық жөндеу жұмыстарына қажетті материалдар мемлекеттік сатып алу веб-порталына жарияланып, келісім шарттар жасалуда.

Уәкілетті органның 20.02.2026 жылғы №6 бұйрығымен 1 кВт*сағат электр энергиясын беру қызметіне 2026 жылғы 1 сәуірден бастап 2027 жылғы 31 наурыз аралығында 8,76 теңге (0,392 теңгеге немесе 4,28% төмендеуімен) мөлшерінде уақытша өтемдік тариф енгізілді.

«ҚЭТТК» АҚ ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңы және «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына» сәйкес «өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақысының өзгеруімен» және стратегиялық тауарлар құнының өсуіне байланысты ағымдағы жылы коммуналдық тарифтерді жоғарылатуға шектеулер аяқталғаннан кейін Уәкілетті органға тарифті мерзімінен бұрын өзгертуге өтінім беру жоспарлауда.

Хабарландыру

«Аққұм Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі серіктестік қатысушыларына 2026 жылдың 27 сәуір күні сағат 10.00-де жиналыс өткізілетінін хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылының Мәдениет үйі. Қатысушыларды тіркеу 2026 жылы 27 сәуір күні сағат 09.00-де басталады. Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің Қызылорда облысы бойынша «ҚазАгро-Қаржы» АҚ филиалына ауыл шаруашылығы техникасын қаржы лизингі бойынша сатып алу мәселесі.

Егер 2026 жылдың 27 сәуір күні жиналысқа қатысушылардың қворумы жиналмаған жағдайда «Аққұм Жер» ЖШС серіктестік қатысушыларына жиналыс 2026 жылдың 28 сәуір күні сағат 11.00-де Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылының Мәдениет үйінде өткізіледі. Қатысушыларды тіркеу сағат 10.00-де басталады.

«Аққұм Жер» ЖШС серіктестік қатысушыларына жиналысқа өздерімен бірге төлқұжаттары және сенімхат негізінде әрекет етуші қатысушылардың сенімхаттарының көшірмесі болуы тиіс. Мұрагерлік бойынша құрылтайшылардың тиісті растаушы құжаттары болуы қажет.

«Аққұм Жер» ЖШС әкімшілігі

Хабарландыру

Жиналысты шақыруға өкілеттігі жоқ белгісіз тұлғалардың «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 48-бабында көзделген талаптарды бұза отырып, 2026 жылғы 28 наурызда «Аққұм Жер» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жиналысын шақыру туралы облыстық «Сыр бойы» газетінің 22 наурыздағы №42-43 санында хабарландыру негізгі серіктестікпен байланысты серіктестік әкімшілігі хабарландырудың жарамсыз болып табылатынын хабарлайды.

Қатысушылардың назарына: 2026 жылғы 28 наурыз күні сағат 11.00-де «Аққұм Жер» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысы болмайтынын хабарлаймыз.

«Аққұм Жер» ЖШС әкімшілігі

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



«Сыр медиа» ЖШС ұжымы «Сыр бойы» газетінің ардагері **Күлтай Қарбаеваның** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1038)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz